



**Өскемен және Семей қаласындағы кезекші халыққа қызмет көрсету орталықтарының жұмыс кестесі 1 шілдеден бастап өзгерді.**

Енді халыққа қызмет көрсету орталықтары, мереке күндерін қоспағанда, сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жұмыс істейді. Жұмыс күндері олардың жұмыс кестесі өзгеріссіз қалады: 9.00-ден 20.00-ге дейін.

ХҚКО-ның басқа бөлімдері дүйсенбі-жұма күндері сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін стандартты кесте бойынша жұмысын жалғастырады.

«Жаңа жұмыс кестесі Халыққа қызмет көрсету орталықтары жұмысының тиімділігін арттырады деп сенеміз. Сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді «ХҚКО» қосымшасы арқылы, eGov порталында, EgovKzBot2.0 телеграм-ботында, Egovmobile қосымшасы арқылы да онлайн режимде алуға болатынын еске саламыз», - деп бөлісті «Азаматтарға арналған үкімет» ШҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі.

Айта кетейік, кезекші ХҚКО-лар тек облыс орталықтарында ғана бар.

Кезекші ХҚКО-лардың мекенжайлары:

1. Өскемен қ., Белинский к-сі, 37а;
2. Семей қаласы, Б.Момышұлы көшесі, 22.

**«Азаматтарға арналған үкімет» ШҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі**

## ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗДА ОЙЛА

**«Қыстың қамын жазда ойла» демекші, қыс мезгілінде тұтынатын отындық ағаштардың күз мезгілінде сұранысқа ие болатыны белгілі. Осы ретте «Ағаш кесу және орман билетін беру» мемлекеттік қызметін көрсету тәртібін аудан тұрғындарының естеріне саламыз.**

«Ағаш кесу және орман билетін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу тәртібі стандарт бойынша жүргізіледі. Мемлекеттік қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі өзірлейді. Бұл қызметті мемлекеттік орман иеленушілері көрсетеді. Отын алуға өтініш қызметті берушінің кеңсесінде қабылданады, аталмыш қызметті әр ауданда орналасқан орман шаруашылығы мекемелері де көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті көрсету мынадай тәртіппен жүреді:

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

- 1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап – 3 (үш) жұмыс күні;
- 2) құжаттар топтамасын тапсыру кезінде көзек күтудің жол берілетін барынша шекті уақыты – 30 минут;
- 3) қызмет көрсетудің жол берілетін барынша шекті уақыты – 30 минут.

Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде. Бүгінде бұл қызмет тек қағаз түрінде көрсетіледі, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – қағаз түрінде ағаш кесу және (немесе) орман билетін беру арқылы жүзеге асады.

Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) мемлекеттік қызмет көрсету үшін жүгінген жағдайда еркін нысандағы өтініш береді.

Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады:

- 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) өтініштегі немесе құжаттардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігі белгіленуі;
- 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті, ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 18-02/40 бұйрығымен бекітілген. Ағаш кесу билеті мен орман билетін есепке алу, сақтау, толтыру және беру қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;
- 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушы қажет ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;
- 4) негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айрылғанын көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы.

Отындық ағаш ұлттық паркте осы ережелерге сәйкес босатылады.

**Э.РЫСКЕЛДИЕВА**

**«Тарбағатай» МҰТП,**

**табиғи көшендер мен объектілерді өсіру және табиғатты пайдалану бөлімінің инженері**

Жаз – өрт қауіпті кезең. Табиғат аясында, орманда серуендеп жүріп өрттің шығуына себепкер болмауды әрдайым есте ұстау керек. Өрттің пайда болуына түкке тұрмайтын ұшқын да жеткілікті.

Мысалы, ағымдағы жылды алып қарасақ, осы өрт қауіпті кезең басталғалы, екіншіше орай, Семей қаласы аумағында 21 орман өрт оқиғасы тіркелді 4,56 гектар орманды алқапқа зиян келді.

Табиғат аясында, орманда, алау жағып, достарымен уақыт өткізген қызықты екенін барлығы жақсы біледі. Алайда өкінішті жағдайлардың болмауы үшін осындай демалысты ұйымдастыра да білу қажет. Алау жаққан кезде нені есте ұстауымыз керек? Алауды су көздерінің маңында, өсіп тұрған ағаштардан алыс жерде жағу керек, от жағатын орынды құрғақ шөптен тазалап, жерді қазып, таспен қалау қажет.

Табиғатта демалғанда аздаған шоқты көрсеніз, мән бермей өтіп кетпеңіз, дереу сөндіріңіз. Ал от өрши бастаса, дереу өшіруге тырысыңыз. Отты ағаштың жас бұтақтарымен, мата, брезент матасымен, киімдермен сабалап сөндіріп көріңіз.

Қайтарда күлді жауып, шоқтарды сөндіріп, шетке сыпырып тастап, от жаққан орынды аяқпен таптау керек. Тағы бір тәсіл – күлді топырақпен, құммен көміп тастау керек. Егер өз күштеріңізбен сөндіру

мүмкін болмаса, өртсөндірушілерге хабарлап, көмек сұрап, тез арада қауіпті жерге шығыңыз.

Лагерь аумағында, ғимараттар жанында алау жағуға, қоқыс өртеуге, пиротехникалық заттарды қолданып отшашулар жасауға; ғимараттарға және су көздеріне кіреберіс жолдарды қазуға тыйым салынады. Жиһаздарды эвакуациялық жолдарды, өтпе және кіреберіс жолдарды жауып тастамайтындай, адамдардың еркін өтуіне кедергі жасамайтындай етіп орналастыру керек.

Семей қаласы тұрғындары мен қонақтарын өрт қауіпсіздік ережелерін сақтауға шақырамыз.



**Б.ҚУАНЫШЕВ,**  
**Семей қаласы МӨББ аға инженері**

## Спорт

**Бородулиха ауданында аудан әкімінің кубогы үшін Балалар жылына орай ұйымдастырылған жасөспірімдер арасындағы футбол турнирі аяқталды.**

# ФУТБОЛДАН ЖАРЫС АЯҚТАЛДЫ

Жеребе тасталып, өзара кездесетін командалар анықталған соң ойын басталған болатын. Бірінші турда Новопокровка мен Жезкент командалары кездесті. Кездесу Новопокровка ойыншылары пайдасына 2:1 есебімен аяқталды. Екінші турда Новопокровка және Бородулиха командалары финалға шыққан. Аталған кездесудің нәтижесі 3:2 болып, Новопокровка командасы жеңіске жетті. Кейін Жезкент және Бородулиха командалары 3-ші

және 4-ші орындар үшін сайысқа түсті. Жезкент командасы 7:2 есебімен жеңіске жетіп, қола жүлдеге ие болды.

Турнир жеңімпазы атағы мен аудан әкімінің кубогы үшін Новопокровка мен Новопокровка командалары кездесті. Бірінші кезеңде 3:1 есебімен Новопокровка командасы жеңіске жетті, бірақ соңғы минуттарда ойын бағытын өзгерткен Новопокровка командасы 2 гол соғып, есепті теңестірді. Қосымша 10 минуттан екі тайм

уақыт берілді. Осы мүмкіндікті Новопокровка командасы сәтті пайдаланып, алғашқы минуттарда гол соқты. Кездесу Новопокровка командасының пайдасына 4:3 есебімен аяқталды.

Осылайша, ауданның 15 командасының арасында өткен көп күндік футбол жарысында Новопокровка командасы аудан әкімінің кубогын жеңіп алды.

Ал ойын барысында үнемі алғы шепте жүріп, әдемі ойын өрнегін көрсеткен футболшылар аталымдарға ие болды. Асылбек Қияқпаев – «Пайдалы ойыншы» (Жезкент), Гадизаре Рамис – «Үздік қорғаушы» (Новопокровка), Нұрислам Рахимов – «Үздік шабуылшы», Телжан Жұмақұлов «Үздік орталық пас беруші» (екі қатысушы да Новопокровка командасынан) деп танылды.

Сақадай сайланып келген спортшылар арасындағы тартысты да қызықты өткен жарыс жанкүйерлердің көңілінен шыққаны анық.

**Ерасыл КЕНЖЕБЕКОВ**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

13.07.2022 жылдан бастап «ШҚО Семей қаласы, Өуезов даңғылы, 98, 100, 102, 104, 106, 108 бойынша тұрғын үйлерге жылу желісін тарту құрлысы» жобасы бойынша бес жұмыс күні ішінде талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жобалық құжаттамен танысуға, ескертулер мен ұсыныстар беру үшін бірыңғай экологиялық порталда <https://ecportal.kz/> «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде болады.

Жобаға тапсырыс беруші – «ШҚО Семей қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ, Семей қаласы, Достоевский көшесі, 110, т.8(7222) 52-26-84; gkh\_2007@mail.ru Жергілікті атқарушы орган – «ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ тел: 87232 25-72-06

жүйесіне қатысушы, оарлық банктік операциялар жүргізу лицензиясынан айырылған 8 банктің («Валют-Транзит Банк» АҚ, «Қазинвестбанк» АҚ, «Delta Bank» АҚ, «Қазақстан Эксимбанк» АҚ, «Qazaq Bank» АҚ, «Астана Банкі» АҚ, «Tengri Bank» АҚ мен «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ) салымшыларына кепілдік берілген өтеуі талап етілмеген соманы БЖЗҚ-ға аударды. Бұл қаражат БЖЗҚ-дағы ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) есепке алу үшін қолданыстағы немесе жаңадан ашылған жеке зейнетақы шоттарына есептелді.

Бәлкім, Сіз аталған банктердің бірінің салымшысы болған шығарсыз, мұндай жағдайда ЕЗЖ есепке алу үшін жеке зейнетақы шотына (ЖЗШ) кепілдік берілген өтеудің талап етілмеген сомасы басқа зейнетақы активтері сияқты тәртіппен инвестицияланатын болады.

**- Кәсіпкер әрі жұмыс беруші ретінде мен қызметкерлердің басқа жұмысқа ауысуларына байланысты зейнетақы жарналарын есептеп, аудару кезінде жұмыскерлердің бүкіл тізімін қайтадан жиі жаңартып отыруға мәжбүрмін. Мұны қалай жеңілдетуге болады?**

- Дәл осы мақсатта, яғни жұмыс берушілерге қызметкерлердің зейнетақы аударымдарын жеңілдетіп, оңтайландыру, сондай-ақ, зейнетақы қызметтерін ұсынуды жақсарту үшін БЖЗҚ биыл наурыз айында өз сайтында «Заңды тұлғаның кабинеті» жаңа жобасын іске қосты.

Жаңа жоба қызметкерлердің зейнетақы жарналарын аударуы тиіс салық агенттері болып табылатын жұмыс берушілерге арналған. «Заңды тұлғаның кабинеті» міндетті зейнетақы, міндетті кәсіптік зейнетақы және ерікті зейнетақы жарналарын төлеу бойынша төлем тапсырмаларын қалыптастыруға, редакциялауға және баспаға жіберуге мүмкіндік береді.

«Заңды тұлғаның кабинеті» аясында БЖЗҚ-ға төлемдерді жіберуі қажет қызметкерлердің тізімін көріп, оны редакциялауға ыңғайлы мүмкіндік берілген. Бұдан басқа, төлемдер тарихында бұрын қалыптастырылған төлем тапсырмалары бойынша барлық деректерді қарауға болады.

Жаңа қызметке қолжетімділік Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы беретін заңды тұлғаларға арналған электрондық цифрлық қолтаңба болған кезде ғана қол қою құқығы бар бірінші басшыға немесе қаржылық құжаттарға қол қою құқығы бар тұлғаға беріледі, яғни барлық деректер жақсы қорғалған!

Кәсібіңіздің тасы өрге домалай берсін!

**- Марқұм әкемнің шотынан 7 миллион теңге маған мұраға қалды. Бұл ақшаны зейнетке шыққанда есептелген инвестициялық табысын бірге пайдалану үшін БЖЗҚ-дағы МЗЖ шотыма сала аламын ба?**

- Міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) – агенттер (жұмыс берушілер, жеке кәсіпкерлер, жеке тәжірибемен айналысатын адамдар) міндетті түрде төлеуі тиіс ақша. МЗЖ есептеу нысаны қызметкердің ай сайынғы табысы болып табылады. Ал мұраға қалдырылған зейнетақы жинақтары жұмыскердің табысы емес. Осыған байланысты мұраға қалдырылған ақшаны МЗЖ-ны есепке алу үшін өзіңіздің жеке зейнетақы шотыңызға (ЖЗШ) сала алмайсыз.

Алайда бұл қаражатты ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) түрінде басқа ЖЗШ-ға аударуға мүмкіндігіңіз бар. Осы соманы жеке тұлғалар өз пайдасына және өз бастамасы бойынша төлей алады.

Осылайша, сіз мұраға алған ақшаны БЖЗҚ-ға ЕЗЖ ретінде ғана аудару аласыз.

Сізге ЕЗЖ шотын ашудың қажеті жоқ, өйткені бұл қызмет ЕЗЖ аудару кезінде жеке тұлғаның өз пайдасына немесе үшінші тұлғаның пайдасына БЖЗҚ-ға келіп түскен алғашқы жарнаның негізінде жүзеге асырылады. Әрі салымшы (алушы) алғашқы жарна түскен күннен бастап ЕЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылған болып есептеледі.

**- Мен зейнет жасына жеткенімде және ай сайынғы зейнетақы төлемдері тағайындалғаннан кейін менің жинақтарымды инвестициялау жалғастырыла бере ме, соны білсем деп өдім?**

- Сіздің жеке зейнетақы шотыңызға келіп түскен барлық ақша, оның ішінде МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ, сондай-ақ сіз зейнет жасына толғаннан кейін оларға есептелген инвестициялық табыс, өсімпұл және өзге де түсімдер бұрынғысынша зейнетақы активтерінің бөлігі болып табылады және ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңына сәйкес, ҚР Ұлттық Банкі тарапынан инвестициялана беретін болады.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және олар орналастырылған қаржы құралдары туралы толық ақпаратты [enrf.kz](http://enrf.kz) ресми сайтындағы «Көрсеткіштер/инвестициялық қызмет» бөлімінен ай сайын көре аласыздар.

**«БЖЗҚ» АҚ баспасөз қызметі**

«Семей таңы», «Вести Семей» газеттері редакциясы ұжымы Абай аудандық мәслихатының хатшысы  
**Лдибаев Ерлан АРНАУЛЫНЫҢ**  
қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады